


**«Маңғыстау облысы білім басқармасының Түпқараған ауданы бойынша
білім бөлімінің жанындағы Сайын Шапағатов ауылының
«Керемет 1» бөбекжай бақшасы**

«Тексерілді»

Бөбекжай әдіскері

Урбисинова Б.А



«03» 09 2024 ж.

«Талқыланды»

педагогикалық кеңесінде

№ 1 хаттамасы

«26» 08 2024 ж.

Бекітемін

«Керемет 1» бөбекжайының

менгерушісі: Нукеева Б.Б



«ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ТӘРБИЕ БАСТАУЫ» вариативтік бөлімі
(балалардың қызығушылығына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет)

Тобы: «Болашақ» ересек топ

Барлығы: 36 сағат, аптасына 1 сағат

2024-2025 оқу жылы

Түсінік хат

ҚР Оқу-ағарту министрінің «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен мен толықтырылулармен, Қазақстан Республикасы Білім және министрінің атқарушының ғылым міндетін 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына негізделіп мектепалды топтарға 1 сағат вариативтік бөлімді жүзеге асыру бағытында 1 сағаты «Ұлттық құндылық – тәрбие бастауы» атты «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру жағдайында «Барлығына қолжетімді сапалы білім» бағдарламасы (2023-2027 жж) мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында жоспарланды.

Мақсаты: балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау; балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау

Міндеттері:

- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін үйрету;
- ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін үйрету;
- ою-өрнек элементтері салдыру, ою атауларын үйрету;
- қазақ оюларының элементтерін және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіру;
- адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге үйрету;
- Өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнау, Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету;
- Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жалпы көлемі – 1 сағат.

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің ұзақтығы 25-30 минут.

«Ұлттық құндылық – тәрбие бастауы» вариативтік бөлімі

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Қазақ халқының салттары мен дәстүрлері»	Салт- дәстүрлерге қатысты тақырыпта сурет бойынша әңгімелесу. Тұсаукесер рәсімімен таныстыру, тұсау кесуге арналған ала жіпті өріп жасау.	1
2	«Ұлттық киімдер»	Суреттерге қарап ұлттық киімдердің атауларын және түстерін атауға үйрету. Суреттерді салыстырып, топтастыруға баулу.	1
3	«Ұлттық бұрышқа саяхат»	Халық шығармаларының желісі бойынша түрлі-тәсілдерден (ермексازдан, қамырдан) тұрмыстық заттарды мүсіндеу. Жасаған мүсіндерден ерекшелігін айтқызу және ұлттық бұрышта көрме жасау.	1
4	«Сырмақ»	Қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын атауға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін пайдаланып, сырмақтың үстіне оюды жиектеп бастырып бояту.	1
5	«Қағаздан моншақ құрастыру»	түрлі-түсті біркелкі дөңгелектер жасап, жіпке тізіп моншақ құрастыру. . Желіммен, қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру.	1
6	«Қазақстанның қызыл кітабы»	«Қызыл кітап» не екенін суреттерге қарап түсіндіру. Қызыл кітаптың не үшін қажеттігін үйрету. Азайып бара жатқан өсімдіктер мен аңдарды қорғау қажеттігін түсіндіру.	1
7	«Торсық»	Қазақтың ұлттық ыдысы торсықты көрсету, пайдасын айтып беру. Үлгіге қарап ермексازдан түрлі тәсілдерді қолданып мүсіндеуі және кескішті пайдаланып , ою-өрнекпен әшекейлеуді үйрету.	1
8	«Әжемнің өрнектері»	Оюларды тrefераттарды басу арқылы салуға дағдыландыру. Негізгі түстерді ажыратып, қолдану. Өзге балалардың жұмысын бағалату, көрме жасау.	1
9	«Сәукеле»	Қайшыны ұстау ережелерін түсіндіру. Түрлі-түсті қағаздардан пішіндерді қияды. Қиылған бөліктерден композиция жапсырып жасай алады.	1
10	«Салттар мен фольклор»	Салт-дәстүрді түсіндіру және ою өрнектердің түрін суреттеріне қарап таныту. Таныс ертегілердің мазмұнын айтқызу. Әдеби кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қылықтарын ажырату. Таныс шығармалардан үзінді сахналату.	1
11	«Күй күмбірі»	Күйді тындау арқылы күйдің қандай көңіл күйде айтылып тұрғанын ажырату. Қазақтың ұлттық фольклорымен таныстыру, күй ырғақтарын ажыратуға баулу.	1
12	«Күй атасы- Құрманғазы»	Күйлерді тындап, кімнің күйі екенін тәрбиеші көмегімен түсіндіру. Күйдің қандай көңіл күйде орындалғанын және ерекшеліктерін айтқызу.	1
13	«Ұлттық аспаптар»	Әуенді тындау арқылы қазақтың ұлттық аспаптарының үнін	1

		ажырату. Өр музыкалық аспапқа сипаттама жасату.	
14	«Домбыра»	Қағазды көлемді пішіндерге келтіру арқылы қазақтың ұлттық аспабы домбыраны құрастыру. .Бастаған ісін аяғына дейін жасап,не құрастырғанын түсіндіру.	1
15	«Бұл қандай аспап екенін тап»	Берілген суреттерге қарап ұлттық аспаптарды атауға үйрету. .Әуендер арқылы үнін ажыратып ерекшеліктерін атау. Ұлттық аспаптың кейбір түрінде ойнату, шағын оркестр ұйымдастыру.	1
16	«Қорқыт ата» (Аңыз)	Қорқыт ата туралы мәлімет беру, аңыздың мазмұнын түсіндіру. Қорқыт атаның қобызын өзге аспаптармен салыстыру және ерекшелігін айтып беру.	1
17	«Атама арналған тымақ»	Дәстүрден тыс сурет салудың техникасын атауға үйрету. Берілген кескінді бастыру арқылы тымақты салып,тұзды бетіне жапсырып,өзіне ұнаған түспен сәйкестендіріп бояту. Тымаққа қазақы оюдың кейбір элементтерін салдыру.	1
18	«Қандай салт-дәстүрді білесің?»	Суреттерге қарап қазақтың ұлттық салт-дәстүр түрлерін айтқызу, соның ішінде бесікке салу дәстүрін түсіндіру. Балалар бесік жабдықтарының дұрыс атауларын айтуға баулу.	1
19	«Қиялымдағы аспап»	Ұлттық аспаптарды көріп,өздерінің қиялына ерік беріп, ұнаған аспапты қағаз бетіне суретін салғызу. Аспапты негізгі түстермен бояту. Түстерді ажыратуға және салғанын түсіндіріп бере алуға дағдыландыру.	1
20	«Ертегілер елінде»	Ертегідегі кейіпкерлерге сипаттама жасату, жақсы мен жаманды ажыратуға баулу.	1
21	«Әңгіме құраймыз»	Суреттегі салт- дәстүрге қатысты берілген суреттер бойынша атауларын атап шағын әңгіме құрату. Салт-дәстүрлер қай кезде және қалай қолданылатынын түсіндіру.	1
22	“Әже әлдіі”	Балалар әжелерінің айтқан бесік жырларын естерінде сақтап,үзінді айтқызу. .Әжесі оқыған ертегілердің ішінен өздеріне ұнайтынан айтқызып және кейіпкерлерін атату. Жағымды және жағымсыз қасиеттерін түсіндіру.	1
23	«Алжапқышты әшекейлеу»	Алжапқыштың суретін салу.Қазақ оюларының кейбір элементтерін пайдалану. Эстетикалық талғамын қалыптастыру, түстерді дұрыс қолдануға дағдыландыру.	1
24	«Сиқырлы саусақтар»	Саусақтары арқылы қазақтың киіз үйін салу, саусақтарының ұшымен кепкен қазақ үйге өрнектер салып безендіру. Дәстүрден тыс сурет салу техникасын қолдануға қауіпсіздік ережелерін сақтау.	1
25	«Қазақтың ұлттық киімдері»	Қзақтың ұлттық киімдерімен таныстыру. Ұлттық киім түрлерінің өзара ұқсастықтары мен ерешелігі және күнделікті киетін киімдерден айырмашылығын ажырату. Ұлттық киімдер арқылы сөздік қорларын дамыту	1
26	«Ұлттық бас киімді әшекейлеу»	Қазақтың ұлттық бас киімдерін көрсету. Өзіне ұнаған бас киімнің бейнесін салдыру. Бас киімге ұлттық ою элементтерін қолдандыру. Эстетикалық талғамын дамыту.	1

27	«Қазақтың ұлттық ою – өрнегінің екі элементі (жолақша)»	Өрнекті кілемшені қазақтың ою – өрнек элементтерімен әшекейлеу. Ою – өрнектер туралы түсініктерін қалыптастыру. Кілемшені «қой ізі» және «ирексу» өрнегімен әшекейлеуді үйрету. Бояуды дұрыс пайдалануға дағдыландыру.	1
28	Асықтар әлемі	Асықтың қалыптарымен таныстыру. Баланы ептілікке, шапшаңдыққа, дәлдікке тәрбиелеу. Танымдық ой - өрісін кеңейту	1
29	«Бес асық» ойыны	Түсі бірдей бес асықты тігінен немесе көлденеңінен бір жерге жинау. Көбірек бір түсті асық жинап, тақта үстін асықтан босатып, көбірек ұпай алу.	1
30	«Қазақтың ұлттық ойындары»	Қазақ халқының ұлттық ойындарымен таныстыру, ойын ережелерін түсіндіру. Өз отанына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
31	«Әжемнің кесесі»	Кесемен таныстыру. Ермексазды пайдалану арқылы кесені мүсіндеп, қазақ оюының элементтерін қолдану арқылы әшекейлету. Кесенің не үшін қолданатынын түсіндіру.	1
32	«Қазақтың ағаш үйі»	Үлгіге қарап трафераттар арқылы ағаш үйдің суретін салу. Салған суреттеріне ашық түстерді қолдану. Ағаш үйге қазақтың ұлттық оюының элементтерін жасату.	1
33	«Қазақтың батырлары»	Қазақ батырларының бейнесін көрсету, таныстыру. Батырлардың суретіне қарап шағын әңгіме құрастыру.	1
34	«Құрақ көрпе»	Ұлттық тұтынатын бұйымдармен таныстыру. Түрлі-түсті қағаздардан қиылған пішіндер арқылы құрақ көрпе құрастыру. Түстерді сәйкестендіру. Ашық түстерді қолдануға дағдыландыру.	1
35	«Өнер көзі халықта»	Қазақ халқының ұлттық әуендерімен таныстыру. Әуеннің атын танытып және сәйкес би қимылдарын қайталау.	1
36	«Ұлттық тағамдар»	Қазақтың ұлттық тағамдарын таныстыру және атауларын үйрету. Сүт өнімдерімен таныстыру. Ермексаздан құртты дөңгелек пішінге келтіріп мүсіндету. Ермексазды уқалау тәсілін қолданып жұмсартып дөңгелету, ақ түсті ермексаз қолдануды үйрету.	1
	Барлығы		36